

Сейдехан ӘЛІБЕК, М.Әуезов атындағы ОҚУ колледжінің директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор:

Тұтқындарды толық ақтау – алдымызда тұрған зор міндет

– Сейдехан Нұрмаханұлы, саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік және өңірлік комиссиялардың жұмысының маңыздылығы неде?

– Өткен ғасырдың жиырмасыншы-елуінші жылдарының аралығы – қазақ тарихындағы ең ауыр кезең екені белгілі. Көңестік тоталитарлық биліктің қазақ халқына ұйымдастырған геноцидін салдарынан ұлттымыз жойылып кетуге шақ қалды. Кулактар мен байларды тап ретінде жою саясатын жүзеге асыру мақсатында ұйымдастырылған байлар мен орта шаруаларды тәркілеу, оларды күштеп жер аудару халықтың атамекенін тастап ауа көшуіне әкеп соқтырды. Оның соңы жаппай ашаршылыққа ұласты. Оған қоса дін қызметкерлері, қазақтың өнерлі, білімді, оқыған азаматтары, зиялы қауым өкілдері мен саяси қайраткерлері «халық жауы» атанып, жаппай қуғын-сүргінге ұшырады, жер аударылды, ату жазасына кесілді. Осының бәрі ұлттық генофондымызға орасан зор зиянын тигізді, санымызды кемітіп, санамызды тұмандандырып, рухымызды жасытты. Мұның өзі ұлт ретіндегі тарихи дамуымыздың сабақтастығын үзіп, тарих сахнасынан түсіріп тастай жаздады.

Міне, сол қасіретті кезеңді толықтай зерттеп білу, қуғындалған, құрбан болған азаматтарды түгел анықтап, оларды толықтай ақтау және сол кезеңде орын алған нәубеттерге тарихи, құқықтық және саяси баға беру – бүгінгі отандық тарих ғылымының, тіпті,

тұтас қазақ халқының алдында тұрған зор міндет.

Иә, бұл қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі жұмыс Сталин өмірден өткеннен кейін, өткен ғасырдың елуінші-алпысыншы жылдарындағы жылымық кезеңінде басталып, сексенінші жылдардың екінші жартысындағы қайта құру кезінде там-тұмдап жүрді. Ал, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін бұл бағытта өте ауқымды жұмыстар жүргізілген болатын. Алайда, ұлттық деңгейде танылған саяси қайраткерлер, ұлт зиялылары ақталғанымен, олардың күрес жолы және артында қалдырған мұралары толық зерттеліп біткен жоқ. Оған қоса сол кезеңде қуғындалған, құрбан болған мыңдаған қарапайым адамдардың есімдері белгісіз күйінде қалып, олардың құжаттары архивтерде ғана сақтаулы тұрған болатын. Міне, осындай азаматтардың бірде біреуі ұмыт қалмауы тиіс. Оларға қатысты істерді жан-жақты зерттеп, толық ақтау – тарихи әділеттіліктің орнауы. Міне, сондықтан Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2020 жылы құрылған мемлекеттік комиссияның қызметі ұлт тарихын тану тұрғысынан ерекше маңызға ие.

– **Сіздің зерттеу бағытыңыз «1939-1945 жылдары фашистік Германия, Финляндия және басқа да Еуропа елдерінде қамауға алынған қазақстандық әскери тұтқындарды, сондай-ақ, «Түркістан легионында» уақытша болған қазақстандық әскери тұтқындарды ақтау**

бойынша зерттеу, қорытынды жасау және ұсыныстар дайындау» екен. Бұл тақырып несімен өзекті, нәліктен осы тақырыпты таңдап алдыңыз?

– Әскери тұтқындар мәселесі саяси қуғын-сүргінге қатысты әртүрлі бағыттар бойынша жүргізілген зерттеулердің тасасында қалып, көп айтылмайтын, көп қозғала бермейтін тақырыптардың бірі. Себебі, бұл тақырып өзге елдермен де байланысты болғандықтан оны зерттеу біршама күрделі әрі өзіндік қиындықтары бар. Оның үстіне «Түркістан легионына» байланысты қоғамда екіұшты көзқарас кездеседі. «Олар өз Отанына қарсы соғысты» деген пікірлер айтылып қалады. Дегенмен, тұтқынға түсіп, кейіннен азат етілген жауынгерлерге сол кезде көңестік билік күдікпен қарағанымен, олардың басым көпшілігі сатқындық жасамаған. Әскери дайындығының жоқтығынан, қоршауда қалып немесе жарақатының салдарынан тұтқынға түскендер көп. Тіпті, майдан даласында адасып кетіп, жау тылына өтіп кеткендер де кездеседі. Мәжбүрліктен тұтқынға түскеніне қарамастан ол адамдар соғыстан кейін тергеуге алынып, көпшілігі сотталған. Бұл адамдар да сол қасіретті жылдардың құрбандары, олар да тоталитарлық биліктің қуғын-сүргініне ұшыраған. Сондықтан бұл азаматтарды да толықтай ақтау керек.

– **Зерттеу жұмыстарыңыздың нәтижесі қандай? Соғыста тұтқын болып, елге оралған соң сол үшін істі болған жер-**

лестеріміздің санын, олардың аты-жөнін нақты білеміз бе?

– Президент Жарлығы шыққаннан кейін біз комиссия мүшесі ретінде бұрынғы Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің архивіне кіруге рұқсат алдық. Осы күнге дейін құпия болып келген құжаттармен таныстық. Атап айтқанда, Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша саяси қуғын-сүргінге ұшыраған 17 231 адамның құжаттары сол архивте сақталған. Солардың 8 504-і соғыс жылдарында тұтқынға түскен адамдардың құжаттары екен. Оның 8 248-і сүзгіден өткен адамдар. Яғни КСРО-ның қауіпсіздік органдары бұл адамдарға күдікпен қарап, тергеп-тексеруге алған. Бұл адамдар сотталмағанымен өмір бойы анду да, бақылауда болған. Қалған 356 адам сотталған. Бұлардың жүзден астамы «Түркістан легионының» құрамында болған. Сотталғандардың біразы КСРО Қылмыстық кодексінің әйгілі 58-ші бабы бойынша «Отанына опасыздық жасады» деп айыпталып, ату жазасына кесілген.

Біз әскери тұтқындарға қатысты архивтік құжаттармен танысып, зерделеп, қорытынды жасадық. Арасында әлі күнге ресми түрде құқықтық тұрғыда ақталмаған адамдардың бар екенін анықтадық. Бұл құжаттардың бәрін ғылыми айналымға енгізіп, оларды толық ақтау жөнінде ұсыныс әзірлейміз.

Бұрынғы МҚК-нің құпия архиві осыған дейін Шымкент қалалық полиция департаментінің ғимара-



тында орналасқан еді. Бірақ, біз жұмысты бастағаннан кейін көп ұзамай барлық өңірдегі құжаттарды бір жерге жинақтау туралы шешім қабылданды. Бірінші болып Шымкенттегі архивті Алматы қаласындағы Президент архивіне әкеліп қалды. Бұл біздің зерттеу жұмысымызға біршама қиындықтар туғызып отыр. Соған қарамастан біз жоғарыда айтылған 8 504 тұтқынның 4 мыңнан астамының құжаттарын зерделеп, материалдар дайындадық. Мемлекеттік комиссия жұмысының материалдары арнайы сериямен кітап болып жарияланып жатыр. Осы күнге дейін 33 том материал жарыққа шықты. Жұмыс әлі де жалғасып жатыр. Біз өткен жылы Түркістан облысы мен Шымкент қаласынан шыққан әскери тұтқындарға арнап, сол серияның бір томын кітап етіп жарыққа шығардық. Бұл біздің тағдыры төлкекке түсіп, Отанын қорғау үшін соғысқа аттанып, ол жақта амалсыздан тұтқынға түскен, жау қолында азап шеккені аздай, елге оралған соң күдікке ілініп, сотталған аталарымыздың рухының алдындағы перзенттік парызды өтеуіміз болмақ.

– **Әңгімеңізге рахмет!**

Сұхбаттасқан
Айдар ҚҰЛЖАНОВ,
«Оңтүстік Қазақстан».